

СОЗДАНИЕ ЕДИНОЙ ЦИФРОВОЙ ПЛАТФОРМЫ НА МАРШРУТЕ КИТАЙ – КАЗАХСТАН – РОССИЯ (ЕЦП) И ЕЕ ЗАПУСК ЗНАЧИТЕЛЬНО УПРОСТИТ ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ПРОЦЕСС. ЕЦП СТАНЕТ ИНТЕГРИРОВАННОЙ БЕСШОВНОЙ СИСТЕМОЙ, ОБЪЕДИНЯЮЩЕЙ В СЕБЕ ПРОЦЕССЫ ТАМОЖЕННОГО ОФОРМЛЕНИЯ, ЭЛЕКТРОННОЙ ТОРГОВЛИ И ДРУГИЕ ФУНКЦИИ. ТАКЖЕ ЭТО ПОЗВОЛИТ НЕ ТОЛЬКО ОПТИМИЗИРОВАТЬ ГРУЗОПЕРЕВОЗКИ, НО И ОТКРЫТЬ НОВЫЕ ВОЗМОЖНОСТИ ДЛЯ БИЗНЕСА В СТРАНАХ – УЧАСТНИЦАХ ПРОЕКТА.

Дамир КОЖАХМЕТОВ,
генеральный директор АО «KTZ Express»



№55 (2985)
02/07/2024

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

НОВЫЕ ГОРИЗОНТЫ ДЛЯ ТОРГОВЛИ И ВЗАИМОДЕЙСТВИЯ

На днях свершилось значимое международное событие. Осуществлен запуск пилотного поезда по маршруту Корея – Китай – Казахстан – Узбекистан. Так, на Казахстанско-китайском логистическом терминале в порту Ляньюньган состоялась официальная церемония запуска пилотного поезда.



Асель ШАЙХЫНОВА,
Астана

В этом значимом событии приняли участие представители железнодорожных администраций всех четырех стран, что подчеркивает его важность для международной торговли и сотрудничества. Поезд, груженный автомобильными запасными частями, преодолел расстояние в семь тысяч километров, откроет новые пути для экономического взаимодействия между странами. Оператором



маршрута по территории Казахстана выступает компания KTZ Express. В торжественной церемонии с



приветственной речью выступил заместитель генерального директора по коммерции KTZ Express Улугбек Оразов.

– Запуск пилотного поезда демонстрирует наше общее стремление к развитию совместных мультимодальных перевозок,

что, безусловно, откроет новые горизонты для торговли и взаимодействия в наших регионах, – отметил он.

Данный шаг является важным этапом в развитии новых возможностей для увеличения транзитного потенциала Казахстана, делая его ключевым транспортным узлом в международной цепочке поставок.

ШЫҒУ САММИТІ – АСТАНАДА



Астанада 3-4 шілде күндері Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтеді. Жиында ШЫҒУ-ға мүше мемлекеттер басшылары саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ықпалдастықтың көптеген өзекті мәселелерін талқылайды.

Форумға бақылаушы елдер мен диалог бойынша серіктес мемлекеттердің басшылары қатысады деп жоспарланып отыр. Маңызды саммит барысында ШЫҒУ-ны одан әрі жетілдіру саласында стратегиялық маңызды шешімдер қабылданады. Орта мерзімді келешекке арналған өзара іс-қимылдың негізгі бағыттары айқындалып, ағымдағы сын-қатерлер мен қауіптерге барабар және уақтылы ден қою үшін бастамалар әзірленетін болады. Саммиттің қорытынды шешімдерінде «Шанхай рухының» іргелі қағидаттары – өзара сенім, достық, өзара тиімділік және бір-бірінің мүдделерін ескеру толық қамтылады. Сонымен қатар аталған саммит барысында Транскаспий халықаралық көлік бағдарының дамуы мен көлік-логистикалық ынтымақтастық тақырыбы да сөз болады.

2023 жылғы 5 шілдеден 2024 жылғы маусымға дейін Қазақстан Республикасы Шанхай ынтымақтастық ұйымына төрағалық етті. Осы уақытта еліміз ШЫҒУ Төрағасы ретінде ШЫҒУ-ға мүше мемлекеттер арасындағы өзара тиімді ынтымақтастық пен дестүрлі достық байланыстарды одан әрі нығайту мақсатында Ұйымды жаңғыртуға және оны одан әрі тиімдірек көпжақты платформаға айналдыруға бар күш-жігерін салды. Астана саммитінен бастап ШЫҒУ толыққанды «Шанхай ондығы» форматында жұмыс істейді. Енді ұйымға мүше мемлекеттер арасындағы саясат, экономика және сауда, ғылым-техника, мәдениет, білім, энергетика, көлік, қоршаған ортаны қорғау және басқа салалардағы ынтымақтастық тіпті де кеңейе түспек.

Ұлан ОРАЗ

Форум

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЮ ЖОЛДАРЫ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Көпфункциональды қызмет көрсету орталығы» филиалы Кадрлық әкімшілік департаментінің ұйымдастыруымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама саласында HR білімін арттыруға арналған «Құлдық сананың белгісі – параға сатылу» бағдарламасы шеңберінде форум өтті.



Сұлгүл БАКЕСОВА,
Астана

Іс-шараға Компанияның филиалдары мен еншілес ұйымдарынан 100-ге жуық адам қатысты. Форумның ашылуында сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ аппарат жетекшісі Серік Кеулімжаев бұл бағдарламаның мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті енгізу, коррупцияға төзбеушілік және оған қарсы тәрбие мен білімді нығайту екенін атап өтті. Ал міндеттеріне келсек, біріншіден ол, сыбайлас жемқорлық мүмкіндіктерін жою; екінші, ұжымда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті қалыптастыру; үшінші сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдағы қызметкерлердің рөлін күшейту; сондай-ақ, коррупциялық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарын жою екен.

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің 1-қызмет басқарма жетекшісі Мирас Қарғабай жиында ҚР-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының тұжырымдамасымен көпшілікті таныстырды.

«Сыбайлас жемқорлық – бұл жеке мақсаттар үшін пайда табу мақсатында мемлекеттік билікті теріс пайдалану. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңының 22 бабында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымды міндеттерін атқармағаны немесе тиісті деңгейде орындамағаны үшін ҚР заңдарына сәйкес тәртіптік жауапкершілікке тартылады делінген», – деді ол.

Сондай-ақ, агенттік өкілі заңға енгізіліп, күшіне енген толықтырулар мен өзгерістер туралы айтып, коррупция туралы хабарлама жеткізген тұлғаларға құқықбұзушылық іс-әрекеттің түріне қарай ақшалай марапаттаулар берілетінін және де коррупциялық құқық бұзушылық фактілері туралы хабарлаған тұлғалар құпиялылық түрде қалатынын, қала берді,

еңбек құқығы саласында қорғалатынын жеткізді. Коррупциялық фактілермен 1424 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығы, @ Antikorkz_bot – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің телеграмм-бот каналы, Kense@antikorg.gov.kz – электрондық поштасы және мемлекеттік органдардың сенім телефондарына хабарласуға болатыны айтылды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жалдау/ауыстыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері тақырыбында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Комплаенс-қызметінің қызметкері Бекет Ақпан баяндап, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «ҚТЖ» ҰК» АҚ құпия аппараттандыру саясатына және оның мақсаттарына тоқталды. Оның айтуынша, Ұлттық компанияда 2019 жылдан бері «Жедел желі» жұмыс істейді, осы желіге 2019 жылы – 77 рет, 2020 – 209, 2021 – 227, 2022 – 254, 2023 жылы – 157 мәрте хабарлама түскен. Деректерге талдау жасағанда ең өзекті мәселелер еңбек дау-жанжалдары, бұдан кейін еңбек ақы, коррупция, әдепсіз іс-әрекеттер екені белгілі болған. Форумның жабылуы «forms.office» аудиториямен кері байланыс форматында өтті.

ПУТЕШЕСТВИЕ ПО ЖЕЛЕЗНОЙ ДОРОГЕ

Со столичного вокзала «Нұрлы жол» отправился в путь летний познавательнотуристический поезд «Туған елге саяхат».



Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,
Астана

В увлекательное путешествие по стране отправились дети, пострадавшие из-за паводка, а также из многодетных и малообеспеченных семей из Атырауской, Северо-Казахстанской, Западно-Казахстанской, Актюбинской, Костанайской, Ақмолинской, Карагандинской и Улытауской областей.

В течение 12 дней они

посетят популярные культурно-исторические места Астаны, Бурабая, Алматы, Тараза, Туркестана, Караганды, Байқоңура. В составе поезда – семь купейных вагонов и два вагона-ресторана. Во всех вагонах установлены кондиционеры и созданы все необходимые условия для комфортного и безопасного путешествия юных пас-



сажиров. Специально для создания уюта – съемный инвентарь в вагонах (постельное белье, шторы и т. д.) бежевого цвета. Детей на всем пути следования сопровождают 18 педагогов, включая педагогов, психолога, медицинских работников и аниматоров.

За последние пять лет АО «Пассажирские

перевозки» активно поддерживает проект «Туған елге саяхат», реализуемый от имени группы компаний АО «Самрук-Қазына». Предоставляя комфортабельные поезда, национальный перевозчик вносит свой вклад в успешное осуществление этих инициатив.

Фото автора

ПОЙЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫ АШЫЛАДЫ

Достық – Мойынты теміржол учаскесінде екінші жолдардың құрылысы белсенді қарқынмен жүргізілуде. Жобаны 2025 жылы аяқтау қарастырылған. Алайда, ҚТЖ-да Достық – Ақтоғай және Мойынты – Балқаш бөлігіндегі екінші жол бойынша пойыздар қозғалысын ашу биылға жоспарланып отыр.



Нұрбек БЕКЕН,
Астана

Учаскенің барлық ұзындығы – 836 км құрайды. Құрылыс алаңына 450 бірлік техника және 1500 астам адам жұмылдырылған. Жер төсемін толтыру 94% аяқталып, қазіргі өзінде 463 шақырымнан астам екінші жол салынған. Бұнақ жинау базаларында 240 км астам рельсті-шпал торкөздері жиналып, төсеуге дайын тұр. Көпірлер де кестеден озып салынууда. Жоба бойынша 92 көпірдің 31-нің құрылысы аяқталған. Су өткізгіш құбырларды орнату бойынша жұмыстар 82% орындалса, Ащыөзек – Тағынқара, Көктұма – 16-разъезд, 16-разъезд

– Жаланаңкөл (2 дана), Жаланаңкөл – 19-разъезд аралықтарында 5 жол өтпесі бойынша жұмыстар жүргізілуде. СОБ, байланыс және энергиямен жабдықтау жүйелері де жаңғыртылуда. Магистраль бойында электр беру желілерінің 7523 тірегі орнатылған, яғни жалпы көлемнің 70% орындалды деген сөз. Достық – Мойынты учаскесі Қазақстан аумағы арқылы өтетін Қытай – Еуропа – Қытай негізгі транзиттік дәлізінің бөлігі болып табылады. Екінші жолды пайдалануға беру учаскенің өткізу қабілетін 5 есеге арттырады, бұл қарқынды өсіп келе жатқан жүк ағыны жағдайында аса қажет.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ҒА ЕЛІМІЗДІҢ ТРАНЗИТТІК ӘЛЕУЕТІ БОЙЫНША СТРАТЕГИЯНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ КЕШЕНІН ДАМУҒА МІНДЕТІ СЕНІП ТАПСЫРЫЛДЫ. ҚАЗІРДІҢ ӨЗІНДЕ КОМПАНИЯ ТЕК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒАНА ЕМЕС, СОНЫМЕН ҚАТАР ШЕТЕЛДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КӨЛІК ДӘЛІЗДЕРІНДЕГІ ҚҰРЛЫҚТА, ТЕҢІЗ ПОРТТАРЫНДА ЖӘНЕ ЕРКІН ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАРДА ІРІ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ЛОГИСТИКАЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДА

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ:

ПО ИТОГАМ ШЕСТИ МЕСЯЦЕВ 2024 ГОДА ЭКСПЛУАТАЦИОННЫЙ ГРУЗОБОРОТ В ГРУЗОВОМ ДВИЖЕНИИ ПО СЕТИ ҚТЖ СОСТАВИЛ БОЛЕЕ

219

МИЛЛИАРДОВ ТОННО-КИЛОМЕТРОВ БРУТТО.

БОЛЕЕ

61

ТЫСЯЧИ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИКОВ ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ В ЭКОЛОГИЧЕСКОЙ АКЦИИ «ТАЗА ҚАЗАҚСТАН».

В ФОРУМЕ «ГРАЖДАНСКАЯ ОБОРОНА» ПРИНЯЛИ УЧАСТИЕ

50

СПЕЦИАЛИСТОВ АО «НК «ҚТЖ».

ӨРТТЕН САҚТАП ҚАЛДЫ

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау



ҚАУІПСІЗДІК

Апат айтып келмейді дегендей, тілсіз жау өрт – кенеттен болатын нәрсе. Доссор станциясына жақын №441-разъезде станция кезекшісінің арқасында өрттің алды алынды.

Шағын ғана бекет пойыз көп тоқтайтын не жүк түсірілетін станция емес, өтпелі қызмет атқарады. Бірақ өңірдегі жүк және жолаушылар пойызының дені нақ осы жол арқылы өтеді. ЭЦ пост орналасқан ғимаратта кешкісін кезекшілік міндетін атқарып отырған Гүлнара Байбосынова кенет түтіннің иісін сезеді. Келесі бөлмеге барса, электр желісі түтіндеп, бөлме іші көк тұман болып кеткен. Егер өртке ұласса, онда бүкіл ғимарат, бүкіл ЭЦ посты қызыл жалынға оранып, жағдай қиын болып кететіні белгілі. Гүлнара қою түтіннің арасымен жүгіріп өтіп алдымен терезелерді ашады. Келесі кезекте СОБ электр қуатын, станция батарея аккумуляторларын тоқ көзінен айырады. Сосын сүймен алып келіп, түтіндеп жатқан тоқ желісін тартып үзеді. Яғни, сымның одан әрі жайылып жануына мүмкіндік бермей, өрт қаупінің алдын алып үлгереді. Содан кейін барып демін алып, станция бастығына жағдайды шұғыл хабарлап, мән-жайдан хабардар етеді.

Әрине, бүлінген құрылғылар қалпына келтіріліп, электр желілері жөнделіп, бірер сағатта жылдам іске қосылды, пойыздар қозғалысына кедергі келтірілген жоқ. Теміржолшылар төтенше жағдайда абдырап қалмай шұғыл әрекет етіп, тіпті жеке басына қауіп төнсе де станцияны өрттен аман алып қалған Гүлнардың батылдығына риза болды. Бөлімше басшылығы Гүлнара Байбосынованы Алғыс хатпен марапаттады.

Суретті түсірген автор

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖАҢАРУДА

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



ЕҢБЕК ҚОРҒАУ

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша теміржолшылар үшін қолайлы еңбек ортасын қалыптастыру, жұмыс орнында жайылық орнату мақсатында әлеуметтік іс-шаралар көптеп қолға алынауда.

Әуелгі кезекте шалғайда орын тепкен станциялар бірінші кезекте назарға алынған. Теміржол инфрақұрылымын қайта жаңарту, жаңғырту арқылы қауіпсіз әрі жайлы жұмыс орнын қалыптастыру бұл орайда маңызды қадам болып табылады. Мәселен, өткен жылы жыл соңына дейін он нысанға ағымдағы жөндеу жұмыстар жүргізіліп, талапқа сай етілсе, тағы екі ғимараттағы жылу желілері толықтай ауыстырылған-ды. Бұл бағыттағы шаралар биылғы жылы да жалғасын табуда. Бөлімше басшысы Алмас Сейсемжановтың бастамасымен ағымдағы жылы бөлімшеге қарасты жалпы саны 29 ғимаратқа жөндеу жүргізу жұмыстары жоспарланған болатын. Іс-шаралар қатары қазіргі таңда қызу қарқынмен басталып кетті. Атап айтсақ, бағыттамалық бекеттер, РСДВ бекеттері, Семей, Жаңа-Семей, Бұқтырма, Риддер, Күмістау және басқа да станциялардағы жолаушылар вокзалы ғимараттары, сондай-ақ локомотив деполарының бірқатар өндірістік нысандары қайта жаңғыртылмақ.

– Биылғы жылға жоспарланған барлық жөндеу жұмыстары теміржол бойындағы инфрақұрылымды жақсартуға бағытталып отыр. Бұл дауа бойынша стратегиялық іс-шаралардың маңызды бөлігі саналады. Ол өз кезегінде салалық қызметтің сапасын жақсартып, еңбек процесін нәтижелі етеді. Кейбір іс-шаралар негізінен теміржолшылар қауымымен кездесулер барысында айтылған өтініш-пікірлер бойынша жүргізілуде, – дейді бұл орайда бөлімшенің персоналмен жұмыс атқару бөлімінің менеджері Бекзат Кәрімханов.

Бұл шаралардың сыртында желі бойындағы кейбір мекемелер шаруашылық негізбен балалардың ойын алаңдарын жаңартып, жасанды футбол алаңдарын қалыпқа келтіруде. Осы орайда биыл іргетасы қаланғанына 110 жыл толатын Семей жол дистанциясы, Семей локомотив пайдалану депосы, Семей станциясы ілкімді шараларды қолға алып отыр. Мәселен, ПЧ-39 мекемесі Дегелең-Жаңа-Семей тәлімінің ортасында орын тепкен кіл теміржолшылар тұратын Шаған станциясы өзінің 110 жылдығына орай осындағы ойын алаңқайына жөндеу жүргізді. Дистанция басшысы Рахат Ботаспаевтың айтуынша, бұл бағыттағы шаралар жыл соңына дейін жүргізіле береді.

Суретті түсірген автор

ESG ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ – ТАБЫС КІЛТІ



Райхан РАХМЕТОВА,
Астана

– Бүгінгі таңда ESG ғаламдық ауқымда маңызды рөл атқарады. Экология мәселесі, әлеуметтік жауапкершілік және корпоративтік басқару жүйесінде ESG компанияның бір бөлігіне айналды. Біздің дирекция компанияның ESG рейтингін дамытуға көп үлес қосуда. Темір жол көлігі нысандарының қоршаған ортаға зиянын азайту үшін Табиғатты қорғау іс шараларының жоспары орындалады, ол 21 іс-шарадан тұрады, одан бөлек қызметкерлеріміз қалдықтарды сұрыптау бойынша жұмыстар жүргізеді, қазіргі таңда 2 521 кг – макулатура, 39 кг. – пластик, 3 425 кг. – аккумулятор батареялары, 725 кг. – өңделген оргтехникасы өткізілді, жұмыстар жалғасуда, – деді ол.

Мәселен, биыл 26 наурыз бен 26 сәуір аралығында «Су-тіршілік нәрі» айлығы өтіп, 5 маусымда өндірістік департаменттерде «Гүлден жер беті жайнайды» акциясы ұйымдастырылған. Сонымен қатар дирекция филиалдарында «Қалдықтарды қалай тастау жөнінде ереже» тақырыбында челлендж іске қосылған. Оған қоса 2768 түп ағаш пен гүл отырғызылып, жасыл аймақтар құрылған.

Одан әрі дирекцияның өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Сағат Қабиев және Адами ресурстарды басқару департаментінің HR бизнес серіктесі Аида Айсариева және Комплаенс қызметінің комплаенс-бақылаушысы Бекет Ақпан тақырып аясында баяндама жасады.

– Жалпы әлемде теміржол көлігі анағұрлым экологиялық таза көлік түрі болып саналады. Биыл Еуропа даму және қайта

құру банкі климаттық тәуекелдерді басқару мәселелері бойынша ҚТЖ-ны қолдау мақсатында консультанттар тартуға грант бөлуге шешім қабылдады. Грант бөлу мақсаты – ҚТЖ-ның осы бағыттағы корпоративтік басқару саласын жақсарту, климаттық тәуекелдерге тұрақтылықты арттыру бойынша іс-қимыл жоспарын әзірлеу. 2022 жылы желтоқсан айында ҚТЖ басқармасының шешімімен «2060 жылға дейін «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында төменгі көмірқышқылды дамыту тұжырымдамасы» бекетілді, – деді С. Қабиев.

Жиын соңында Қ. Орынбаев ESG бойынша символикалық жалаушасын «Жолаушылар тасымалы» АҚ өкілдеріне табыстады және баяндама жасаған спикерлерге ESG тақырып аясында ағаштан жасалған естелік сувенирлер сыйға берді.

КӘСІБИ ДЕНГЕЙІН КӨРСЕТТІ



Ислам ТАЛҒАТ,
Астана

Сала еңбеккерлері ауыр арнайы техниканы, понтондық көпірлерді, құтқарушылар мен еріктілер мінген эшелондарды жедел жеткізу, су басқан аудандардан жүк және жолаушылар пойыздарын қауіпсіз өткізуді ұйымдастырды. Сондай-ақ олар арнайы пойыздарды қалыптастыру, су басу аймағынан зардап шеккендерді эвакуациялау үшін қосымша пойыздар мен вагондарды іске қосуда кәсібилікпен жедел әрекет ете білді. Теміржолшылар батыс аймақтың тұрғындарын эвакуациялауға, бөгеттер салуға көмектесіп, қызыл судан жапа шеккен жандарға гуманитарлық көмек жинауға және таратуға қатысты, сонымен қатар зардап шеккендерге қан тапсырып, жұмыла көтерген жүк жеңіл болатынын іспен дәлелдеді. Әсіресе, Қапшағайдан Шұбарқұдыққа

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-да бір топ теміржолшы биыл көктемде батыс өңірінде болған табиғи апатпен күресте көрсеткен кәсібилігі мен қосқан үлесі үшін ҚР Төтенше жағдайлар министрлігі тарапынан марапатталды. Көктемгі су тасқыны салдарын жоюға қатысқан теміржолшылар тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеді.



20 тонналық понтон-көпір паркін жедел жеткізуді ұйымдастырған теміржолшылар өздерінің кәсіби деңгейлерін көрсетті.

Теміржолшылардың бұл орасан зор еңбегі елеусіз, ескерусіз қалмады. ҚР Төтенше жағдайлар министрінің грамотасымен ҚТЖ Тасымалдауды басқару автоматтандырылған орталығы диспетчерлік аппаратының ауысмын бастықтары Ғалымжан Көшербаев, Ғалымжан Айткеев, Бауыржан Қадырбаев, сондай-ақ ТБАО аға диспетчерлері Санат Жүрсін және Бақытжан Ахметов марапатталды. ҚР Төтенше жағдайлар министрінің алғыс хатын «ҚТЖ - Жүк тасымалы» ЖШС – «Тасымалдау процесін ұйымдастыру дирекциясы» филиалының директоры - Бас директордың м. а. Ербол Түсіпов, «Жолаушылар тасымалы» АҚ Бас директорының орынбасары Айбат Қанғалиев, «Жолаушылар тасымалы» АҚ атқарушы директоры Асхат Ақынбеков, Магистральдық желі дирекциясы жол және

құрылыс департаментінің директоры Арман Бубиқанов алды. Марапатталғандар арасында «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС – «Алматы ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Нұрым Жаниязов және «Шымкент ЖТ бөлімшесі» филиалының директоры Нұрдаулет Байғазиев, «ҚТЖ» ҰК» АҚ – «Ақмола магистральдық желі бөлімшесі» филиалының ауысмын қозғалысын басқарудың өңірлік орталығының басшысы Әділхан Дәкенов, «Алматы магистральдық желі бөлімшесі» филиалының пойыздар қозғалысын басқарудың өңірлік орталығының басшысы Айдоос Тұрғалиев және «Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесі» филиалының пойыздар қозғалысын басқарудың өңірлік орталығының басшысы Дархан Құланбаев, ҚТЖ бас менеджері – азаматтық қорғанысты ұйымдастыру және жүргізу бөлімінің бастығы Жәнібек Айманбетов бар.

Суретті түсірген автор

ЖОЛШЫЛАР ҚУАНЫШЫНА ОРТАҚТАСТЫ

Қызылорда магистральды желі бөлімшесінің директоры Ербол Саулебеков аймақтың солтүстігіндегі Сексеуіл-Қоскөл тәлімінің 19-бекетінде еңбек ететін Сексеуіл жол дистанциясының теміржолшыларына су жаңа, заманауи модульді-үйдің кілтін табыстап, қуаныштарына ортақтасты.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Сексеуіл-Қоскөл жаңа тәліміндегі жолшылардың қуанышына ортақ болуға бөлімше басшысымен бірге «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов те барып, баспаналық модуль үйдің пайдалануға берілу рәсімінде лента қию кұрметіне ие болды.

Бекеттегі тарихи сәттің куәсі болған теміржолшылар алдында бөлімше директоры Ербол Тәңірбекұлы Сексеуіл дистанциясының бастығы Марат Байділдаевқа модульдің кілтін табыстады, жол дистанциясының ардагерлері Қартбай Қайыңбаев пен Тағыберген Дихановтар жолшыларға құтты баспана болғай деп тілек білдіріп, батасын берді. Дистанция басшылығы бекет басын мерекедегідей безендіріп, шатыр тігіп, құрбандық шалып дастархан жайды.

Жалпы көлемі жүз шаршы метр аумақты алып жатқан жаңа модульдің ішінде адамға керектің бәрі бар, жып-жинақы тап-таза, жарық екен. Қазіргі заман талабына сай адам баласына қажетті мұқтаждықтардың түгелін қанағаттандыратын жаңа модульді нысандар аралап көрген жолшылар риза болғандарын жасырмады. Ас-суын әзірлейтін, жуынып шайынатын, тынығып демалатын, тіпті күнделікті жұмыс жасайтын бөлмелері қарастырылып қана қоймай, барлық заманауи құрал-жабдық, жиһаздар



мен, өртке қарсы дабыл құрылғыларымен жабдықталған. Қысқасы, бархан құмды тіліп теміржол төсеп, жапан түзге тіршілік нәрін екен теміржолшы еңбегіне лайықты жағдай жасалған.

– Бөлімшеге қарасты Сексеуіл жол дистанциясының теміржолшылары үшін биылғы жылы заманауи модульді-баспананың 9 данасы берілетін болады. Бүгін соның алғашқысы тәлімнің 19-бекетінде жұмыс жасайтын жолшылардың игілігіне беріліп отыр. Қазіргі таңда, модульдердің тағы да төртеуі пайдалануға дайындалуда. Қалғандары да өз ретімен биыл берілетін болады. Бұл бекетте вахталық тәсілмен жұмыс істейтін дистанция жолшылары (бір вахтада 8 жол жөндеуші) 102 шаршы метр заманауи үлгідегі су жаңа модульді нысанның ендігі иелері саналады. Компания жолшыларының еңбеккерлердің әлеуметтік-тұрмыстық қажеттілігін қанағаттандыру мақсатында

жасап жатқан шараларының бір көрінісі осы деуге болады. Кәдімгі баспанадан бір кемі жоқ, – деді Қызылорда магистральды желі бөлімшесінің директоры Ербол Саулебеков.

Ішінде жол шеберінің бөлмесі, 10 адамдық жатын орын, асхана, жуынатын себегіз бөлмесі мен дәретханасы бар нысан «Таза су» құрылғысымен жабдықталып, желісі салтылған. Баспана ауа желдеткішімен салқындатылып, электр қуатымен жылытылады.

Сексеуіл жол дистанциясының жол жөндеушісі Қуаныш Мейрамбек әріптестерімен бірге заманауи модульді баспананы аралап көріп, пікірімен бөлісті.

– Сексеуіл-Қоскөл тәлімі пайдалануға берілген бес алты жылдағы жағымды жаңалықтың бірі болды. Мен 2003 жылдан бері дистанцияда жол жөндеуші болып еңбек етемін. Жұмыс орнымыз екінші үйімізге айналды. Сондықтан мынадай су жаңа заманауи модульдің біздің бекетке берілгеніне бас-басымыз баспаналы болғандай қуанып жатырмыз. Бөлімше мен компания басшылығына алғысымызды білдіреміз, – деді әріптестері атынан Қуаныш Мейрамбек.

Қашан да теміржолшы мен басшылық арасында дәнекер болып жүретін сала кәсіподағының өкілі Бауыржан Ахметов модульді үйдің кіреберісіне қалы кілем сыйлады.

Суретті түсірген автор

Безопасность

ВСЕГДА В ПРИОРИТЕТЕ

Обеспечение производственной безопасности является одним из приоритетных направлений деятельности ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

Айлин БАУРЖАН,
Астана

С начала текущего года в рамках повышения уровня профессиональных знаний и навыков работников в сфере безопасности и охраны труда 544 работника линейных предприятий прошли обучение



в учебных центрах транспорта Актобе, Павлодара, Караганды, Тараза и Астаны.

В рамках проводимой работы по цифровизации во всех локомотивных депо товарищества внедрен прибор бдительности за состоянием локомотивных бригад в пути следования – телемеханическая система контроля бодрствования машиниста (ТСКБМ).

Данный прибор предназначен для съема информации об относительном изменении электрического сопротивления кожи и

передачи ее по радиоканалу в цифровом виде на монитор. На сегодня 522 таких прибора применяются в 11 локомотивных депо ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

Внедрение телемеханической системы контроля бодрствования машиниста позволит осуществлять контроль за состоянием здоровья



локомотивных бригад, а также усилить безопасность работы при вождении поездов.

Кроме того, на шести диспетчерских участках (Сороковая – Ерейментау, Сороковая – Караганда Сортировочная, Караганда Сортировочная – Кулайгыр, Кулайгыр – Мойынты, Нур-Султан-1 – Атбасар, Есиль – Тобол) и станциях, входящих в границы Регионального центра управления движением поездов Северного региона (РЦУП-3), реализуется возможность ведения

автоматизированного графика исполненного движения поездов поездными диспетчерами, а также дежурными по станции станционных журналов ДУ-2, 3 и суточного плана-графика в АС ГИД Урал-ВНИИЖТ.

– Переход на автоматизированное ведение графика исполненного движения поездов позволит исключить влияние человеческого фактора. Кроме того, приведет к снижению трудозатрат и напряженности труда оперативного персонала, – отмечает главный инженер ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Марлен Кокрекбаев. – После внедрения стандарта внутреннего контроля наблюдается динамика в сторону снижения уровня несоответствий к требованиям стандартов и норм законодательства в области производственной безопасности и экологии.

Анализ результатов аудита по экологической безопасности показывает: если в 2023 году было установлено 122 несоответствия, то по итогам пяти месяцев 2024 года – 16 несоответствий. Уровень системы экологического менеджмента ГП оценивается как «эффективная», руководителями и работниками линейных предприятий проведено 12 846 мероприятий в области охраны труда.

В Интегрированной системе производственной безопасно-

сти в 2023 году и с начала 2024-го было зарегистрировано 43 431 несоответствие по безопасности охраны труда. По всем выявленным несоответствиям приняты меры по их устранению.

В настоящее время 39 911 работников товарищества загрузили на телефоны мобильное приложение – Интегрированная система производственной безопасности (ИСИБ).

За лучшие показатели по предупреждению производственной безопасности при проведении поведенческих диалогов безопасности для работников товарищества предусмотрены поощрения денежными премиями по первой категории – 11 и второй – 22 МРП. По итогам 2023 года среди всех дочерних организаций компаний работник ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» занял первое место и поощрен семейной путевкой на отдых за границу.

Также согласно утвержденному графику с начала текущего года департамент безопасности и охраны труда, экологии провел проверки трех филиалов товарищества, контролируя условия труда и обеспечивая производственную безопасность. Начальниками служб совместно с производственными врачами и фельдшерами проведена проверка рабочих мест для изучения условий труда.

Пересмотрено 1 719 инструкций по охране труда для различных профессий в вагонном, локомотивном и хозяйстве движения, а также разработаны инструкции в слайдовом виде на двух языках для обучения и освоения сотрудниками, а также памятки по охране труда при пожарах.

Фото Александра ЖАБЧУКА

как проверка и замена изношенных компонентов, а также улучшение систем мониторинга и управления. Благодаря этим мерам специалисты дистанции способны оперативно реагировать на возникающие проблемы и минимизировать риск аварийных ситуаций, обеспечивая надежную работу всей сети. Поэтому в течение текущего года алматинскими энергетиками проводилась работа по выполнению графика планово-предупредительного ремонта, по улучшению технического состояния устройств контактной сети, тяговых подстанций, противопожарного состояния объектов, санитарно-гигиенического состояния зданий.

– Мы стремимся к постоянному улучшению наших технических средств и систем управления, а также повышению квалификации персонала. Это позволяет нам не только поддерживать стандарты обслуживания, но и оперативно реагировать на вызовы, связанные с увеличением нагрузки на сети, – отметил начальник Алматинской дистанции электроснабжения Нурлан Мамырбеков.

При этом стоит сказать, что Алматинская дистанция электроснабжения – одна из старейших железнодорожных предприятий, является надежным звеном в энергетической системе региона.

Фото автора

ПЕРЕЕЗД: БУДЬ НАЧЕКУ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



В Костанайском отделении магистральной сети в полном объеме проводятся профилактические работы по предотвращению нарушений при пересечении железнодорожных переездов.

Эта работа проводится как с автовладельцами, пересекающими железнодорожные переезды, так и с пешеходами. Водители автомобилей зачастую игнорируют опущенные шлагбаумы, красные запрещающие знаки и прочие предупреждения, стремясь побыстрее пересечь переезд, что в итоге может привести к плачевным последствиям.

По словам начальника отдела по безопасности движения филиала АО «НК «КТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Талгата Нурушева, по переездам региона сотрудниками отделения совместно с линейной полицией с начала текущего года были проведены профилактические рейды. В ходе них с правилами пересечения железнодорожных переездов ознакомили сотни водителей и пешеходов. Аналогичная разъяснительная работа планомерно ведется и на предприятиях. Здесь были проведены встречи с рабочими коллективами. В местные сельские, районные и городские акиматы также направлены письма с просьбой о содействии в данном вопросе. А на самих железнодорожных переездах установлены плакаты и лозунги, напоминающие о правилах пересечения переездов.

– Все эти меры, конечно же, дают свой эффект, – говорит Талгат Нурушев. – Это необходимая профилактическая работа, и она проводится нами на постоянной основе. Благодаря ей удается предотвращать возможные случаи дорожно-транспортных происшествий на переездах.

Фото из архива



ПОМОГЛИ В БОРЬБЕ С ОГНЕМ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Пожарный поезд (ПП-25) на станции Оскемен-1 принял участие в ликвидации крупного пожара на складе кондитерских изделий ТОО «Немере». Огонь полыхал на площади в 1,5 тысячи квадратных метров.

По информации начальника пожарного поезда Муханбета Омирбекова, в 21 час 20 минут 24 июня руководство Центра управления оперативными силами и средствами ДЧС ВКО запросило помощь ПП-25 для заправки водой пожарных автомобилей этого департамента, чтобы справиться с огнем, охватившим склад ТОО «Немере» в Усть-Каменогорске. Через пять минут поступил приказ руководства Семейского отделения грузовых перевозок на отправку пожарного поезда с места дислокации на станции Оскемен-1. Еще через две минуты под него подали тепловозы. Расстояние до места происшествия было в четыре километра.

После прибытия на место, где разбушевалась огненная стихия, поезд заправил пожарные автомашины ДЧС водой. После этого поезд в 23:30-23:45 отправился к гидранту, чтобы заполнить водой свои цистерны. Огнеборцы локализовали пожар в 22:05, а в 23:25 его удалось полностью ликвидировать.

В 01:32 пожарный поезд вернулся на место дислокации. Всего в тушении огня участвовали 16 человек личного состава ПП-25 и 45 сотрудников областного департамента по чрезвычайным ситуациям. Помимо пожарного поезда для битвы со стихией привлекли 14 единиц техники. Причиной возгорания, по предварительным данным ДЧС ВКО, стало неосторожное обращение с огнем. Сумма ущерба устанавливается.

НАДЕЖНОЕ ЗВЕНО

Для работников Алматинской дистанции электроснабжения наступает горячая пора. В летний период возрастает нагрузка на энергосети, что требует усиленного контроля и проведения профилактических работ. За первое полугодие текущего года выполнение планово-предупредительных работ составляет 99,9%.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Специалисты данного подразделения трудятся круглосуточно, чтобы обеспечить бесперебойное электроснабжение и предотвратить аварийные ситуации. В этот сложный период энергетики демонстрируют профессионализм и ответственность, гарантируя стабильную подачу электроэнергии для всех потребителей. Проводятся работы по усилению уровня надежности технических устройств контактной сети с применением «оконов» со снятием напряжения и заземлением контактной сети с АДМ по замене изоляторов, ревизии и регулировке фиксаторов и консолей, компенсирующих устройств, ревизии сопряжений, цепной контактной подвески, натяжению нижнего фиксирующего троса. Работы проводятся под напряжением с использованием изолированной съемной вышки при соблюдении требований и правил охраны труда.

С начала года алматинскими



энергетиками произведена замена подвесных фарфоровых изоляторов ПФ на стеклянные ПС-70Е в контактной сети, мини-ДПП, при плане 1 000 выполнение составило 1 500 штук. Заменяли изношенные поддерживающие струны на контактной сети, а также произвели ремонт трансформаторов, заменили и установили продольные поперечные соединители в контактной сети. Установили двухполюсные

вакуумные выключатели на тяговой подстанции Узун-Агач, совместно с ТОО «ТеміржолСу» проводится ремонт на четырех объектах: ЭЧК Чемолган, Алматы, РРУ Алматы и ЭЧЭ Медеу.

Стоит отметить, что регулярные технические осмотры, модернизация оборудования и внедрение технологий способствуют повышению эффективности работы энергосистем. В дистанции особое внимание уделяется профилактическим мероприятиям, таким

ИЗВЕЩЕНИЕ О ТОРГАХ

Акционерное общество «КТЗ Express» (далее – АО «КТЗ Express») объявляет о проведении электронных торгов по продаже имущества АО «КТЗ Express», которые начнутся 16 июля 2024 года в 10.00 (время Астаны) на веб-портале Реестра государственного имущества: www.gosreestr.kz.

Реализация имущества осуществляется в соответствии с Правилами реализации имущества АО «КТЗ Express», утвержденными решением Совета директоров АО «КТЗ Express» (протокол от 10 января 2018 года № 1) (далее – Правила), и Регламентом проведения электронных торгов по продаже имущества на веб-портале реестра государственного имущества, утвержденным решением Совета директоров АО «Информационно-учетный центр» (протокол от 23 мая 2014 года № 66) (далее – Регламент).

На аукцион на повышение цены выставляются следующие имущества:

№	Наименование имущества	кол-во	начальная стоимость	стартовая стоимость	гарантийный взнос
1	Боковая рама б/у	741	21 909 888	21 909 888	3 286 483
2	Колесная пара с осью и колесами с буксовым узлом РУ-1Ш б/у	64	5 677 056	5 677 056	851 558
3	Корпус автосцепки б/у	52	2 474 676	2 474 676	371 201
4	Надрессорная балка б/у	286	30 504 714	30 504 714	4 575 707
5	Воздухораспределитель б/у	4	47 999	47 999	7 200
6	Триангель б/у	4	42 130	42 130	6 319
7	Цель магистральная б/у (груз. ваг. и локом.)	4	47 309	47 309	7 096

Регистрация участников торгов на веб-портале реестра со дня публикации извещения на веб-портале реестра и заканчивается за два часа до начала торгов.

Для регистрации в качестве участника торгов необходимо на веб-портале реестра зарегистрировать заявку на участие в торгах

по форме, согласно приложению к Регламенту, подписанную ЭЦП участника.

Торги в форме аукциона методом на повышение цены.

Гарантийные взносы вносятся на счет АО «Информационно-учетный центр»: БИН: 050540004455, БИК: KZKOKZKX, ИИК:

KZ 529261501102032004, АО «Народный Банк». Назначение платежа: гарантийный взнос для участия в электронном аукционе (в размер гарантийного взноса оплата банковских услуг не входит).

Банковская гарантия в качестве гарантийного взноса не принимается.

С целью своевременного поступления гарантийных взносов на счет АО «Информационно-учетный центр» рекомендуется оплатить гарантийный взнос не позднее трех дней до окончания приема заявок.

Протокол о результатах торгов формируется веб-порталом реестра, подписывается с использованием ЭЦП продавцом и победителем торгов в день проведения торгов.

В случае неподписания участником, победившим в торгах, протокола о результатах торгов гарантийный взнос не возвращается.

Победителем считается участник, предложивший наиболее высокую цену за имущество и подписавший протокол об итогах торгов.

Протокол о результатах торгов является документом, фиксирующим результаты аукциона и обязательства победителя и продавца подписать договор купли-продажи имущества по цене продажи.

Договор купли-продажи с победителем подписывается в срок не более десяти календарных дней со дня подведения итогов торгов веб-порталом реестра.

Победитель обязан произвести за свой счет все расходы, связанные с куплей-продажей имущества, включая, но не ограничиваясь, расходы по регистрации имущества и уплату соответствующих налогов и других платежей в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

Победитель, подписывая протокол об итогах торгов, подтверждает, что на момент покупки объекта он полностью ознакомлен и согласен с техническим состоянием объекта и его недостатками.

Победитель согласен с тем, что недостатки объекта возмещению не подлежат и продавец не несет никакой ответственности за любые недостатки объекта.

Победитель обязуется не предъявлять требования к продавцу по вопросу качества, комплектности объекта.

С положениями о порядке проведения электронного аукциона, порядке оформления участия в торгах, об условиях определения победителя можно ознакомиться в Правилах и Регламенте, которые находятся в публичном доступе на сайтах АО «КТЗ Express» www.ktze.kz и АО «Информационно-учетный центр» www.gosreestr.kz.

Дополнительную информацию можно получить по телефонам: 87710838734 (АО «КТЗ Express»), г. Астана, Дінмұхамед Қонаев, 10, и 8-7172-55-29-81 (АО «ИУЦ»), г. Астана, ул. А. Жубанова, д. 16, 4-й этаж.

ДОРОГУ ОСИЛИТ ИДУЩИЙ

Копилка наград молодого спортсмена Досымжана Ерланова пополнилась еще одной медалью. Он занял первое место среди мужчин на дистанции пять километров в соревнованиях на Кубок мира по спортивному туризму в группе дисциплин «северная ходьба». Свою награду посвятил 120-летию железной дороги Казахстана.

Маршрут проходил в живописнейшем месте – роще Баума, что добавило мероприятию особый колорит, где каждый участник получил возможность проявить себя и укрепить свое здоровье.

Уроженец города Тараза Досымжан с детства неравнодушен к спорту и физическим нагрузкам. После окончания железнодорожного колледжа устроился работать в Алматинскую дистанцию сигнализации и связи электромонтером СЦБ, уже через год стал электромехаником. А в свободное от работы время занимается пропагандой здорового образа жизни с целью привлечения молодежи к регулярным занятиям спортом, участвовал в забеге против наркотиков, продемонстрировав свою активную

гражданскую позицию. А еще он активный участник книжного клуба.

С некоторых пор скандинавская ходьба прочно вошла в жизнь молодого человека. Она приносит Досымжану множество преимуществ. Во-первых, помогает поддерживать отличную физическую форму и укреплять сердечно-сосудистую систему, а регулярные занятия, как говорит Досымжан, способствуют улучшению выносливости, координации и общего тонуса мышц.

– Для меня скандинавская ходьба благотворно влияет на здоровье, улучшает настроение, снимает стресс и добавляет энергии на весь день, – говорит он.

Также молодой спортсмен отмечает, что благодаря этому занятию чаще проводит



время на свежем воздухе, наслаждаясь природой, получая заряд позитива.

Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

Фото автора

СТАНЦИЯ КЕЗЕКШІСІ – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Маңғыстау теміржолының Болашақ станциясына қарасты шағын ғана бекетте Азия чемпионы атанған теміржолшы еңбек ететінін біреу білсе, біреу білмейді.

Шалғайдағы шекара маңындағы Құрмаш бекетінің кезекшісі Әлихан Аббас маусымның 14-16 күндері Үндістанда АРАШИ ММА-ден өткен Азия ойындарында 58 келі салмақта чемпион атанды. Еліміздің көк туын Үндістанның төрінде желбіреткен жігіт жеңісін Қазақстан темір жолының 120 жылдық мерейтойына арнайды.

– Финалда үндістандықпен жарысқа шықтым. Ойын үш раунд болатын, бірақ мен оған жеткізбей, екінші раундта мерзімінен бұрын жеңдім. Осындай мүмкіндік берген «АРАШИ» ММА федерациясына алғыс айтамын. Ендігі мақсатым әлем чемпионы атану. Әлемдік ареналарда еліміздің Әнұраны шырқалып, көк байрағы желбірей берсін, – дейді бұл туралы Азия чемпионы Әлихан Аббас.

Маңғыстаулықтардың мақтанышына айналып, қазақстандық чемпиондар қатарын толықтырған жерлесіміздің бұған дейін де жетістіктері аз емес. Күрестің арнайы тәсілдерін жетік меңгеріп, соның ішінде қоян-қолтық ұрыс бойынша Қырғызстанда өткен OPEN турнирінің чемпионы және



греплингтен Қазақстан чемпионатында жеңімпаз болған. Бокстан үш мәрте Қазақстан чемпионы. Студенттер арасында өтетін универсиада ойындарында бокстан үш жыл қатарынан бірінші орын алған. Қазір жастарды жан-жақты жаттықтырып жүрген «АРАШИ ММА» федерациясының Жаңаөзен қаласындағы жаттықтырушысы, яғни облыстық федерациясының аға жаттықтырушысы.

Жұмысымен қатар салауатты өмір салтын сақтауды ұстанып, жастарды да спортқа баулып жүрген теміржолшы жігіт қазір небәрі 27 жаста. Яғни, болашағы алдында. Әлі талай биікті бағындырарына сөз жоқ. Отбасында аға-інілі үш бауыр түбек теміржолында еңбек етеді. Бірі Жаңаөзен станциясын басқарса, енді бірі Болай станциясында, үшіншісі Құрмаш станциясында кезекші.

Шахид ЖҰМАН, Маңғыстау

Суретті түсірген автор

ТОРАПТЫҚ ЖАРЫС ӨТТІ

Теміржолшылардың салалық кәсіподақ ұйымы Жамбыл филиалының спорт нұсқаушылары Шу станциясында шағын футболдан тораптық жарыс ұйымдастырды.



Қазақстан темір жолының 120 жылдығына орай өткен турнирге 6 команда қатысты. Кіл мықтыларды жинаған ВП-36, ПЧ-50, ПЧ-35, ПЧМ, ТЧЭ-30, ВЖДО командалары айналымды жүйе бойынша сынга түсті.

– Жалпы спорттың қай түрі болса да, жарыста алаң иелерінің фаворит саналатыны түсінікті. Әсіресе, футбол матчтарында командаларға өз алаңында өтетін кездесулердің көмегі көп. Сондықтан біз командалардан тартысты ойын өрнегін күттік. Бабы келіспеді ме, Шу белгі беру және байланыс дистанциясының футболшылары жартылай финалға

жете алмады. Ал Шу локомотив пайдалану депосының командасы жарады, – дейді салалық кәсіподақ ұйымы Жамбыл филиалының спорт нұсқаушысы Евгений Тянь.

Біріне бірі дес бермей, тартысты өткен жарыс қорытындысында үздік үштікті ТЧЭ-30, ПЧМ және ПЧ-50 командалары түйіндеді. Жүлдегерлер өз жеңістерін Қазақстан темір жолының 120 жылдығына арнады.

Жарысқа қатысушылар кубоктармен, медалдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Ардақ ҮСЕЙІНОВА, Жамбыл

Суретті түсірген автор

ПРИМЕР СПЛОЧЕННОСТИ

В Алматинском отделении грузовых перевозок прошло первенство по мини-футболу, в котором приняли участие 15 команд региона.



Соревнования прошли в спортивном комплексе Football Land в напряженной, но дружелюбной атмосфере, где каждая команда стремилась продемонстрировать свои лучшие качества.

Из 15 участвующих в турнире команд в финал вышли три. С первых секунд лучшую технику игры показала команда специалистов станции Достык, набравшая максимальное количество очков и в итоге ставшая победителем. На второй строчке разместилась команда Алматинского эксплуатационного локомотивного депо, а третьей ступеньке пьедестала – команда Алматинского эксплуатационного вагонного депо.

Надо сказать, что по массовости и активности у железнодорожников мини-футбол лидирует среди других видов спорта в регионе, в том числе опережая большой футбол. Этим видом спорта увлекаются и взрослые, и дети, для которых важна не только спортивная составляющая, но и микроклимат

на спортивной площадке.

Лучшим нападающим признан приемосдатчик станции Илийская Даурен Жанатулы, лучшим голкипером – машинист Матайского эксплуатационного локомотивного депо Азихан Балаубеков, а лучшими игроками стали приемосдатчик станции Жетыген Естай Абай, помощник машиниста Алматинского эксплуатационного локомотивного депо Султан Курманов и осмотрщик вагонов на станции Алтынколь Алматинского эксплуатационного вагонного депо Даулет Жармағамбетов.

– Спорт хорошо дисциплинирует наших работников, и это, безусловно, сказывается на производственных показателях, отмечает трудовая порука и развитие корпоративного духа, – отметил главный инженер Алматинского отделения грузовых перевозок Сабыр Иманғалиев.

Победители и призеры турнира награждены медалями, кубками и денежными призами.

Милена КАИРОВА, Алматы

Фото автора

НА ПОЛЕ – ВЕТЕРАНЫ

Команда центрального аппарата АО «НК «КТЖ» стала победителем турнира по мини-футболу среди ветеранов спорта в Астане.

Соревнования прошли на площадке филиала АО «НК «КТЖ» – «Центр оценки и развития персонала железнодорожного транспорта» (ФЦКадр) и были приурочены ко Дню военнослужащего, сотрудника подразделений специального назначения государственных органов.

Участие в турнире приняли сборные команды ветеранов спорта из числа бывших и действующих работников железнодорожного транспорта и силовых структур в возрасте 55-60 и более лет: центральный аппарат ҚТЖ, ФЦКадр, станции Кокшетау, Агбасар, Макинка, Астраханка, «Локомотив», а также сборная «Динамо», в которую

вошли представители департамента полиции города Астаны.

Их разделили на две подгруппы. За путевки в финал команды боролись по круговой системе. В итоге в полуфинале футболисты из Агбасара оказались сильнее команды «Динамо», а команда центрального аппарата ҚТЖ взяла верх над соперниками из ФЦКадра.

На финальной стадии проигравшие сразились за «бронзу» турнира – ФЦКадр обыграл «Динамо», чем обеспечил себе место на третьей ступени пьедестала почета. В борьбе за главный трофей – кубок турнира – работники центрального аппарата ҚТЖ оказались

Акмолинский филиал АО «Казпрофтранс» провел в клубе «Старт» турнир по бильярду на Кубок председателя профсоюза среди работников предприятий Акмолинского региона.

В турнире принял участие 21 работник НОДГП-1, НЖС-1, ПЧ, ПШЧ, ЭЧ станций Астана, Кокшетау, Курорт-Боровое, Жана-Есиль.

ВИРТУОЗНОЕ ВЛАДЕНИЕ КИЕМ



– Ежегодный турнир по бильярду на Кубок председателя профсоюза в этом году приурочен к 120-летию железной дороги Казахстана. Данный турнир проводится с целью выявления сильнейших бильярдистов профсоюза, а также для активизации физкультурно-оздоровительной и спортивной работы в коллективах железнодорожных предприятий, повышения и продвижения имиджа профсоюза, популяризации бильярда как вида спорта, – сказал председа-

тель Акмолинского филиала АО «Казпрофтранс» Хазис Закирин.

В результате зрелищных и сложных игр первое место в турнире занял дежурный по станции Жаман-Ащи Ерлан Касымов, второе – заместитель начальника станции Кокшетау-1 по логистике Ержан Кашкинбаев, третье – директор НЖС-1 Артур Кизатов.

По итогам игры победители отмечены грамотами и призами. Асель ШАЙХЫНОВА, Кокшетау

Фото автора

«Жүк тасымалы» ЖШС Шымкент филиалының кәсіподақ комитеті ардагерлер арасында шахматтан турнир өткізді.



ҮЗДІК ҮШТІК АНЫҚТАЛДЫ

Қазақстан теміржолының 120 жылдығына орай ұйымдастырылған зияткерлік ойынға теміржол саласында ұзақ жыл еңбек етіп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп жүрген бір топ ардагер қатысты. Жарыстың ойдағыдай өтуіне атсалысқан Ардагерлер кеңесінің хатшысы Назира Құрманбекова мен кәсіподақ ұйымының сарапшысы Токтар Бекова және спорт нұсқаушысы Елена Маншина жетекшілік етті. Үш айналым бойынша өзара сайысқа түскен ардагерлердің ойыны тартысты да қызықты өтті. Қызығы сол, жеңімпаз атанғандармен қатар, жеңілгендерге де сый-сияпат жасалып, құрмет көрсетілді.

– Бүгінгідей шараны өткіздеугі мақсатымыз зейнеткерлердің басын қосып, бір сәт көңіл сергіту. Қарттарға осындай мүмкіндік жасап жатқан кәсіподақ ұйымы мен темір жолда тер төгіп жүрген жетекшілерге ризашылығымызды білдіреміз, – дейді Ардагерлер кеңесінің төрағасы Нұрғали Нұртаев.

Айта кетейік, зияткерлер ойынында жеңіске жеткен Асқар Әбішев пен Сади Сайранбаев және Павел Маншин алдағы уақытта Теміржолшылар күніне орай Астанада өтетін республикалық турнирге жолдама алды. Ендігі жерде осы үштіктен құралған шахматшылар тобы 17 өңірден жиналатын кіл мықтылармен күш сынасып, өңірдің намысын қорғайды.

Нұрлыбек ДОСЫБАЙ, Шымкент

Суретті түсірген автор



сильнее команды из Агбасара «Ардагер». Железнодорожники из Астаны – на первом месте, Агбасара – на втором.

Победители и призеры отмечены кубками, медалями и грамота-

ми от руководства ҚТЖ. Кроме того, памятные призы вручили в отдельных номинациях лучшим игрокам турнира.

Любовь РОВБА

Фото автора

  КАЗАХСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ Бас редактор Дина Муздубаева Бас редактордың орынбасары Меруерт Өмірзақова	Газет басылатын қалалар: Астана, Сілеті 30 «Медиа-холдинг: «ERNUR» ЖШС Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2. «Шабар-Сервис» ЖШС Шымкент, Әлімқұлов көш., 22. «ERNUR Print» ЖШС Басылымның таралымы 11 340 Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол,	автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Кезекші редакторлар: Л. Ровба, Р. Рахметова	Меншікті тілшілер: Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80 Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66 Ақтөбе: Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97 Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87 Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53 Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45 Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17 Қызылорда: Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59 Жамбыл: Ардақ Үсейінова 8-777-667-26-20 Шымкент: Нұрлыбек Досыбай 87025480092 Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76 Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00 Павлодар: Айдана Ертай 8-777-498-31-61	Редакцияның мекен-жайы: Астана қ., Д.Қонаев көшесі 6. тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92 Жауапты хатшы Ерболат Тілеуберенов, тел.: +7 702 5795768 Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу нөмірі берілді.
---	---	--	---	---